



010000, Астана, Парламент Мәжілісі  
20 \_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Астана, Мажилис Парламента  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

2024 жылғы 20 наурызда жарияланды

Қазақстан Республикасы  
Премьер-министрінің  
Бірінші орынбасары  
Р.В. Склярға

## ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

### Құрметті Роман Васильевич!

Әлемдік экономиканың негізгі бір бөлігін құрайтын – туризм саласы. Дүниежүзілік туризм ұйымының деректері бойынша туризм әлемнің жалпыұлттық өнімінің – 10/1 бөлігін, халықаралық инвестицияның 11%-дан астамын құрайды. Туризмнен түскен табыс мұнай өнімдері мен автокөлік экспортының табысынан кейін тұрақты 3-ші орында келеді.

«Ұлы Жібек жолы» бойында орналасқан Жамбыл облысының даму жоспарында туризмді дамытуға басты назар аударылу керек деп есептейміз. Осы саланы дамыту арқылы облысқа қосымша инвестициялар тарту мүмкіндіктері пайда болатыны белгілі. Өкінішке орай, туризмге байланысты көп мәселелер әлі де шешімін таппай отырғанын айтқым келеді. Соның біреуі – Жуалы ауданындағы «Қаралма» тау шаңғы туризм кешені.

Біздің мәліметтер бойынша аталған жоба 2018 жылы сол кездегі облыс басшысы Асқар Исабекұлы Мырзахметовтың ұсынысымен басталған. Жамбыл облысының жұртшылығы бұл ұсынысты қуана мақұлдады. Бұл жобаның инвесторы – «ТаразСтрой-2004» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Сол уақыттағы сметасы – **6,3** млрд тенге. Кешен құрылысы 2018 жылдың тамыз айында басталған. Құрылыс жұмыстары 2020 жылдың 1 тоқсанында жоба бастаушысының жеке қаражатының тапшылығына байланысты тоқтаған. Бүгінгі күні уақыттың созылуына байланысты жобаның құны қайта есептеліп, **7,9** млрд. теңгені құрап отыр. Осы күнге дейін игерілген сомма – **4,8** млрд. тенге. Кешеннің құрылысын толық аяқтау үшін **3,1** млрд. теңге қажет.

Инфрақұрылым жобалары бойынша «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» транзиттік көлік дәлізінен тау етегіне дейінгі **7** шақырым асфальтталған автожол жүргізілген, газбен, электр жүйесімен қамтамасыз етілген. Тау шаңғысы кешеніндегі арқан жолының құрылысы, ішкі алаңдарды абаттандыру

жұмыстары, кірме жол, ресторан, сервис орталығы, техникалық бокс және өзге қажеттіліктер шамамен **80-85%** аяқталған. Мемлекет тарапынан «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы арқылы 542 млн. 600 мың теңгеге ауыз су мен кәріз жүйесі тартылған. Сол сияқты саяхаттаушылар мен демалушыларға және шаңғы тебушілерге арналған жекелеген инвесторлар тарапынан 20 коттедждің құрылысы 70-80% аяқталған. Бұл жерге 1 млн. 100 мың халқы бар Жамбыл облысы және іргелес жатқан 300 мыңнан астам халқы бар Түркістан облысының 2 ауданы жақын.

Жоба басталғаннан бері Жамбыл облысында бүгінгі күні төртінші әкім қызмет істеп жатыр. Осыдан кейін баршамызда мынадай сауал туындайды. Жеке инвестордың қаражатымен халық игілігі үшін басталған осындай іргелі жобалар неге аяқталмай қалады? Кім кінәлі? Жүйе ма әлде бір әкімнің ұсынысын екінші әкім жалғастырғысы келмейтіндігі ма? Жанымызда тау шаңғысы кешені тұрғанда, неге адамдар сабылып 500 шақырым жердегі саяхат орнына баруы тиіс? Қарапайым халықтың қалтасы бағасы шарықтаған Шымбұлақ пен Ақбұлақты қалай көтереді? Жергілікті басшылар немесе Туризм және спорт министрі неге осыны ойламайды?

Құрметті **Роман Васильевич**, аталған мәселеге 5 жылдан астам уақыт болды. Шешімін таппағаннан кейін Сізге депутаттық сауал жолдауға тура келді.

Сізден сұранарымыз:

1. «Қаралма» туристік тау шаңғысы кешенінің жұмысын жандандыру үшін жобаның аяқталуына ықпал етуді және инвесторға жағдай жасау үшін Туризм және спорт министрі мен облыс әкіміне тез арада мәселені шешу жолдарын қарастыруды тапсыруды;

2. Шешімді мемлекеттік-жекешелік серіктестік шеңберінде қарастырып, болмаған жағдайда инвестордан мемлекетке сатып алу мәселесін пысықтаған дұрыс болады деп есептейміз.

Сауалға заңнамамен белгіленген мерзімде жауап беруіңізді сұраймыз.

*Құрметпен,*

**Мәжіліс депутаттары**

**Е. Саурықов**  
**М.Ескендіров**  
**Г. Нұрымова**  
**Ж. Дайрабаев**  
**А. Баққожаев**  
**Қ. Әбден**  
**Н. Арсютин**  
**А. Зейнуллин**  
**Т. Серіков**  
**Е. Сатыбалдин**  
**А.Сағандықова**